

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
№14 ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 20 желтоқсан  
сағ. 10:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика министрі А.М. Сәтқалиев, энергетика вице-министрі  
Ә.Ж. Жамауов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), Министрліктің  
құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

**1. Шикі газды өндіру болжамы мәселелері туралы: газды айдаудың  
оңтайлы көлемі; газды өзінің технологиялық қажеттіліктеріне.  
Тауарлық газ өндірісі туралы: ішкі нарыққа жеткізу; газ экспортының  
оңтайлы көлемі. Газ транзиті мәселелері туралы**

*(Ә. Жамауов)*

1.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың шикі газды өндіру болжамы мәселелері туралы: газды айдаудың оңтайлы көлемі; газды өзінің технологиялық қажеттіліктеріне, тауарлық газ өндірісі туралы: ішкі нарыққа жеткізу; газ экспортының оңтайлы көлемі және газ транзиті мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Қоғамдық кеңес хатшылығы:**

- 2025 жыл ішінде жетекшілік ететін энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың газдың ішкі нарығын қалыптастыру мәселелері, газ экспортының проблемалық мәселелері, оның ықтимал оңтайлы көлемі және газ импортының қажетті көлемі бойынша жаңартылған ақпараты қайта тыңдалсын.

**2. Автожанармай құю станциялары арқылы өткізілетін сұйытылған  
мұнай газын қоса алғанда, тұтынушыларға арналған сұйытылған  
мұнай газына баға есептеу әдіснамасын әзірлеу кезіндегі  
қағидаттарды бекіту туралы**

*(Ә. Жамауов)*

2.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың автожанармай құю станциялары арқылы өткізілетін сұйытылған мұнай газын қоса алғанда, тұтынушыларға арналған сұйытылған мұнай газына баға есептеу әдіснамасын әзірлеу кезіндегі қағидаттарды бекіту туралы ақпараты назарға алынсын.



## **2.2. Газ өнеркәсібі департаменті:**

- «Теңізшевройл» ЖШС-мен мынадай мәселелерді пысықтасын:

- 1) пропан маркалы сұйытылған мұнай газы бағасының төменгі шегін жою;
- 2) «бір қолға» өткізу көлемін 3000 тоннадан 1500 тоннаға дейін азайту;
- 3) өнеркәсіптік тұтынушыларды тендерден шығару.

## **3. ҚР Президентінің газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде: газ өндірудің күрделі жобалары үшін жақсартылған модельдік келісімшарттарды (ЖМК) пайдаланудың нақты үлгілері туралы ақпарат; жаңа газ кен орындарында табиғи газды сатып алу бойынша баға белгілеудің жаңа формулаларын қолдану практикасы; газ өндіру, газды қайта өңдеу және жеткізуші инфрақұрылым бойынша қолданыстағы фискалдық преференциялар; рәсімдерді оңтайландыру және кен орындарын пайдалуға тез енгізу жөніндегі заң жобасын қабылдау мәртебесі туралы тапсырмасын орындау бойынша ҚР Энергетика министрлігінің есебі**

*(Ә. Жамауов)*

3.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың ҚР Президентінің газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде: газ өндірудің күрделі жобалары үшін жақсартылған модельдік келісімшарттарды (ЖМК) пайдаланудың нақты үлгілері туралы ақпарат; жаңа газ кен орындарында табиғи газды сатып алу бойынша баға белгілеудің жаңа формулаларын қолдану практикасы; газ өндіру, газды қайта өңдеу және жеткізуші инфрақұрылым бойынша қолданыстағы фискалдық преференциялар; рәсімдерді оңтайландыру және кен орындарын пайдалуға тез енгізу жөніндегі заң жобасын қабылдау мәртебесі туралы тапсырмасын орындау бойынша ҚР Энергетика министрлігінің есебі назарға алынсын.

## **4. ҚР Энергетика министрлігінің жаңа техника мен технологияларды қолдана отырып, тауарлық газ ресурстарын ұлғайтуға қатысты жұмысы туралы. Кен орындарын игеру кезінде озық технологияларды және инновацияларды кеңінен және белсенді тарту мәселелері туралы**

*(Ә. Жамауов)*

4.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың ҚР Энергетика министрлігінің жаңа техника мен технологияларды қолдана отырып, тауарлық газ ресурстарын ұлғайтуға қатысты жұмысы туралы және кен орындарын игеру кезінде озық технологияларды және инновацияларды кеңінен және белсенді тарту мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.



#### 4.2. Газ өнеркәсібі департаменті:

- электр энергиясын алу үшін ілеспе мұнай газын жағудың бар-жоғына барлық жер қойнауын пайдаланушылардың ШГҚӨД бағдарламаларын талдасын, егер болған жағдайда:

1) сұйытылған мұнай газын (пропан, бутан, +), ал метанды электр энергиясын алу үшін немесе өз мұқтажына пайдалансын;

2) синтетикалық сұйық отынды (GTL) алу үшін қайта өңдеу мүмкіндігін қарастырсын.

#### 4.3. Қоғамдық кеңес хатшылығы:


- 2025 жыл ішінде жетекшілік ететін энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың қажетті мұнай-химия шикізатын (метанол, сутегі, ЖККФ) алу мақсатында плазмохимиялық әдіспен ілеспе мұнай газын (ІМГ) және табиғи газды (ТГ) өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу бойынша бұрын қаралған мәселе бойынша ақпараты тыңдалсын.

Қоғамдық  
кеңестің хатшысы



Ф. Төлеген

Қоғамдық  
кеңестің төрағасы



Б. Әуетаев